



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2018»
XIII Халықаралық ғылыми конференциясы

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XIII Международная научная конференция
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2018»

The XIII International Scientific Conference
for Students and Young Scientists
«SCIENCE AND EDUCATION - 2018»



12th April 2018, Astana

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2018»
атты XIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2018»**

**PROCEEDINGS
of the XIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2018»**

2018 жыл 12 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2018» атты студенттер мен жас ғалымдардың XIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2018» = The XIII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2018». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2018. – 7513 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-997-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-997-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2018

М., 1996 – 245 с.

7. Мақатаев М. Аманат. Атамұра, Алматы. – 2002, 303б.
8. Мақатаев М. Күнделік – Алматы: Жалын, 1991, 48 б.
9. Мақатаев М. Өлеңдер мен поэмалар. Үшінші том. Жазушы, Алматы. – 1993 - 343б.
10. Мұқағали шығармалары. 4 томдық. –Т.3. –Алматы Жалын, 2002, 432б.
11. Сейдімбеков Ақселеу//Жас алаш.1997ж.Шаханов М. Эверестке шығу. Атамұра, Алматы.- 2003, 270б.

ПОДСЕКЦИЯ 6.2 ҚАЗАҚ ТІЛ БІЛІМІНІҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

ӘОЖ 81’ 354

ЭКОНОМИКАЛЫҚ ТЕРМИНДЕРДІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Асенова Айгүл Халдарқызы

asenova.1997@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
филология факультетінің 4-курс студенті, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – Г.Б.Мамаева

20 жылдары қазақ терминологиясында А.Байтұрсынұлы, Х.Досмұхамедұлы, Н.Төрекұлұлы, Ж.Күдерин, М.Жұмабайұлы, С.Қожанұлы, Е.Омарұлы сынды қайраткерлер еңбегі зор.

А. Байтұрсынұлы қазақ тіл білімі, әдебиеттану ғылымындағы бүгінгі күнге дейін қолданыс тауып жүрген көптеген атаулар мен ұғымдардың негізін салушы ғалым екені белгілі. Ахаң салған сара жол – қазақ терминологиясын ұлт тіліне негіздеу еді.

20 жылдарда және 30 жылдардың бас кезінде орыс тілі арқылы қазақ тіліне енген сөздерде қалайда «Қазақшалап» қабылдау тенденциясы күшті болды. Мысалы, помещик – алпауыт, бюрократ – төрешіл. Кейбір сөздер қазақша баламасы болса да аудармай алынған: доход – дақот, закон – закон. Термин сөздер өз нұсқасынан бұзылып, яғни сол кездегі фонетикалық принцип бойынша жазылды: станция – станса, форма – порым, газета – казит [1; 121-122].

1931 жылғы «Атаулар сөздігі», 1936 жылы Қызылорда қаласында жарық көрген 160 экономикалық термин кірген «Қазақ тілінің терминдері» жатады.

Еліміз тәуелсіздікке қол жеткізген кезеңде 1993 жылы Әбдуали Қайдар ұсынған ғылыми қағидаттары қазақ терминологиясының алға жылжуына зор септігін тигізді.

Терминология енді салалық тұрғыдан қанат жая бастады. Экономика саласында да терминдер жүйесі қалыптасып, арнайы зерттеулер жүргізіліп, экономикалық сөздіктер жасалды. 1962 жылы М.Әбдіров, Т.Құлқашев, С.Толыбеков «Экономикалық терминдерінің орысша-қазақша сөздігі», 1974 жылы М.Әбдіровтың 406 сөз бен сөз тіркесін қамтыған «Қазақша қысқаша экономикалық сөздігі» «Қазақстан» баспасынан жарыққа шықты. 1979 жылы М.Насырова «Русско-казахский краткий словарь социально-экономических терминов», 1991 жылы К.Базарбаева «Экономикалық және әлеуметтік терминдердің орысша-қазақша сөздігі», 1993 жылы «Словарь внешне-экономических терминов», 1993 жылы Б.Сабырбаев «Экономикалық терминдердің орысша-қазақша түсіндірме сөздігі», 1993 жылы М.Әбішев, Б.Кереев, К.Жөкенова авторлығымен «Нарықты экономиканың терминдері мен ұғымдары», 1995 жылы М.Насырова, С.Құлпыбаева, С.Гуляев авторлығымен «Орысша-қазақша түсіндірме сөздік», 1997 жылы 2000 сөзді қамтыған «Русско-турецкий экономический словарь», 1999 жылы С.Токсанбай «Толық экономикалық орысша-қазақша сөздік, 2004 жылы А. Тажутов «Халықаралық экономикалық терминдердің этимологиялық түсіндірме сөздігі», 2005 жылы «Нарықтық экономиканың түсіндірме сөздігі», 2011 жылы Ж. Аяпова, Е. Арынов «Іскер адамның орысша-қазақша экономикалық түсіндірме сөздігі»

жарияланды.

1990 жылы екінші рет басылған «Қазақ лексикасындағы жаңа қолданыстар» еңбегінде мынадай 9 экономикалық терминдерге түсініктеме берілген: ағымдағы шығындар (текущие затраты), баға белгілеу (ценообразование), жинақшы (вкладчик), жолкіре (проездной, проездная плата), зейнетақы (пенсия), қайтарым (отдача), қайырым (отдача), шаруашылық есеп (хозрасчет), экономикалық қауымдастық (экономическое сообщество)[2; 136].

Терминдену деп бұрыннан бар бір сөзді дайын қалпында термин ретінде қайта пайдалануды айтамыз. Терминология ғылымында терминдену ұғымының 2 түрі бар. Бірі – ішкі терминдену болса, екіншісі – сырттан терминдену деп аталады.

Ішкі терминдену кезінде терминологиялық жүйенің ішіндегі бұрын жасалған термин бір өрістен екінші өріске қалпын сақтай отырып ауысса, сырттан терминдену кезінде ұлттық тілде бұрыннан бар дайын сөз сол қалпында тілдің арнаулы лексикасының бір саласы болып саналатын терминологияға өткізіледі [3; 99-112]. Яғни, ішкі терминдену кезінде бір сөзге тілдегі әртүрлі тәсілдерді пайдалану арқылы жаңадан термин жасау мүмкіндігінің мол екендігін көрсетеді. Экономика саласында да бұл процесті кездестіре аламыз. Мысалы: бір ғана «инвестиция» терминін пайдаланып терминологиялық сөздіктен 68 жаңа термин жасағанын көруге болады: инвестиция кепілдіктері жөніндегі агенттік; инвестиция құю; инвестиция орталығы; инвестиция тәуекелінің кепілдігі; инвестицияланған капитал; инвестицияланған капиталдың табыстылығы; инвестициялар кестесі; инвестициялық портфель; инвестициялық менеджмент; инвестициялық трест т.б. [4; 355-356]

Экономика саласы терминдерінде лексикалық қабаттың активті процесстері көпмағыналық, омонимия, антонимия, синонимия жиі орын алады. Мәселен, көпмағыналық процесі. Экономикалық терминологиялық сөздіктерден бір терминнің бірнеше мағына беретін тұстарын жиі байқауға болады.

30 томдық терминологиялық сөздіктің 27-ші томы экономика және қаржы саласына арналған терминдер сөздігі екені белгілі. Осы сөздікке статистикалық талдау жасап көрелік. Сөздікте барлығы 140 синоним сөздер кездесті. Мысалы: реформалаушы, өзгертуші – реформатор; рұқсат қағаз, өкімдеме – разрядка; рұқсатнама, бұрыштама, виза – виза; саботаж, іріткі – іріткі; салып жіберу, сәлемдеме – посылка; сатудан түскен, пайда, сатудан алынған түсім – прибыль от реализации, выручка от продаж; сәйкессіздік, үйлесімсіздік – непропорциональность; сұрау салу, сұрату – запрос; сыпайы келісім, мырзалық келісім – джентельменское соглашение; табыс, кіріс – доход; талас, дау – спор; тап, сынып, класс – класс;

Ал, антонимдер саны – 50 болды. Мысалы: шикізат импорты – шикізат экспорты; өндірісті кідірту – өндірісті жеделдету; бағаны ырықтандыру – бағаға тоқтам (мораторий) салу; өндірісті өзгерту – өндірісті сақтау; кіріс ысырабы – кіріс кірімі; сыртқы сауда – ішкі сауда; жоғарғы баға – төменгі баға; орнықты нарық – орнықсыз нарық; бәсекеге қабілетті баға – бәсекеге қабілетті емес баға; бекітілген аккредитив – бекітілмеген аккредитив; вальвация – ревальвация; валиризация – ревалиризация;

Омонимдер саны – 9. Мысалы: а) конгломерат (konglomeratus – бірігу) – экономиканың түрлі саласына тиесілі және тікелей өндірістік кооперацияға байланысты емес кәсіпорындар бірлестігі (бизн.). ә) конгломерат (konglomeratus – бірігу) – көбінше көлемі мен пішіні түрлі құрамдағы жұмыр тастан тұратын цементтелген кесек тау жыныстары (геол.).

Зат есім уәждемелігі арқылы жасалған терминдер: ақша (125 термин), ақы (10 термин), амортизация (10 термин), аудит (73 термин), әкімшілік (26 термин), әлеумет (71 термин), баға (45 термин), база (10 термин), базис (23 термин), баланс (34 термин), банк (174 термин), бас (203 термин), бәсеке (21 термин), бизнес (19 термин), биржа (37 термин), борыш (31 термин), бренд (24 термин), брутто (14 термин), бухгалтер (73 термин); бүркеме (15 термин), бюджет (60 термин), валюта (95 термин); вексель (65 термин), ғылым (12 термин), депозит (22 термин), дивиденд (19 термин), дисконт (14 термин), еңбек (121 термин), есеп (132 термин), еуро (19 термин), жабдық (15 термин), жалақы (15 термин), жарнама (21 термин),

жинақ (40 термин), залал (17 термин), заң (32 термин), зейнетақы (22 термин), импорт (16 термин), инвестиция (68 термин), инфляция (14 термин), капитал (61 термин), касса (28 термин), кәсіп (101 термин), кеден (45 термин), кепіл (74 термин), коммерция (38 термин), кооператив (29 термин), кредит (91 термин), қаржы (140 термин), қарыз (20 термин), құжат (31 термин), құн (35 термин), лимит (22 термин), маркетинг (62 термин), материал (56 термин), мемлекет (32 термин), меншік (32 термин), мерзім (55 термин), мүлік (43 термин), нарық (105 термин);

Сын есім уәждемелігі арқылы жасалған терминдер: актив (32 термин), алдын-ала (21 термин), алтын (27 термин), арнаулы (14 термин), артық (19 термин), атаулы (20 термин), ауылшаруашылық (12 термин), ашық (20 термин), әлемдік (11 термин), дайын (13 термин), дүниежүзілік (12 термин), еркін (33 термин), жалпы (53 термин), жанама (15 термин), жиынтық (27 термин), қайта (75 термин), қолма-қол (32 термин), нақты (97 термин);

Етістік уәждемелігі арқылы жасалған терминдер: бақылау (27 термин), бөлу (34 термин), даму (14 термин);

Термин сөз нақты, айқын әрі қысқа, бір мағыналы болу керек. Дегенмен, бұл шарттардың үнемі сақтала бермейтінін экономикалық терминдерден де көруге болады. Кейде үш немесе төрт компонентті терминдер де кездесіп жатады. Себебі экономика саласына қатысты сөзді дәл беру үшін бірнеше сөз тізбектерінен тұратын тіркестер жасауға тура келеді.

Бір компонентті терминдерге: банк, балл, баланс, чек, дистрибьютер, дилер, дефиниция, валюта, цикл, ценз, хеджер, фактура, теңге, сыйақы, т.б.

Екі компонентті терминдер: сұранысты басқару, ресурстарды шектеу, өндіріс бағасы, қор активтері, комиссиялық алым, жалақы мөлшерлемесі, арзанқол эксперт, агенттік сыйақы, үздіксіз бюджет, дисконттық құн т.б.

Үш компонентті экономика терминдеріне: таза валюталық түсім, ресурстардың үлестік шығысы, міндетті зейнетақы жарналары, комиссиялық акцепт алымы, дүниежүзілік валюта жүйесібаламалы капитал шығасылары, баланстың баптарын түгендеу, амортизациялық аударым бойынша, т.б.

Төрт-бес компонентті терминдерге: валюталық бағамның икемді жүйесі, жалпы экономикалық тепе-теңдік, жанама кесімді еңбекақы төлеу, қолма-қол тауармен жасалатын мәміле, салықты төлеу мерзімін ұзарту, салықтың алдын-ала белгіленген мөлшері, түсетін жүктердің есепке алу журналы, қосарлы салық салу туралы конвенция т.б. Бұл аталған терминдердің де кейде дұрыс аударылмай ұғымның қазақша мағынасы дәл берілмей тұрғанын я болмаса орыс тіліндегі терминді сол қалпында ала салған жайттарды кездестіреміз.

Тіліміздегі терминдерді арнайы терминтанушы ғалымдар, тілшілер ғана жасамайтыны белгілі. Терминді тиесілі болған саланың мамандары да жасайды. Сондықтан термин жасау, жасалған дайын терминдерді қалыптастырып, қабылдап отыру – үнемі қадағалап, тексеріп отыруды керек етеді. Бұлай болмаған жағдайда тіліміздің терминология саласындағы реттілік, жүйелік бұзылады. Алайда бүгінгі күні тілімізде экономика терминдерінің мемлекеттік терминология комиссиясы бекіткен қазақша баламасы бола тұра дұрыс қолданылмай, шет тілінен енген әуелгі нұсқалары да жарыса қолданылып жүр. Мысалы, өтем, өтемақы (компенсация), мәртебе (статус), діл (менталитет), әлеует (потенциал), пайыз (процент), кешен (комплекс), кесте (таблица), имитация (еліктеме) сияқты терминдерді айта аламыз.

Жалпы қоғам өміріндегі алдыңғы мәселе – экономикалық жағдаят. Бүгінде дамыған Қазақстан саясатының көш басында экономика саласы тұратыны белгілі. Жастар арасында өзінің жеке бизнесін ашқысы келетін, банк, қаржы айналасында жұмыс жасағысы келетіні өте көп. Тіпті, соңғы кезде көп оқылатын кітаптар да – осы сала, яғни бизнес, экономика, тайм-менеджмент салаларына тиесілі кітаптар. Осыған байланысты бүгінде үлкен мәселеге айналып отырған терминология саласы, оның ішінде экономикалық терминология саласы үлкен зерттеуді қажет етеді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Терминдер және олардың аудармалары. – Алматы: Ғылым, 1990. – 216 б
2. Қазақ лексикасындағы жаңа қолданыстар: Толықтырылған екінші басылым – Алматы: Ғылым. 1990. – 136 б.
3. Құрманбайұлы Ш. Қазақ терминологиясы дамуының кезеңдік сипаты. – Астана: Елорда, 2002. – 184 б.
4. Қазақша-орысша, орысша-қазақша терминологиялық сөздік / жалпы ред. басқ. М.Б.Қасымбеков, жобаның ғыл. Жетекшісі А.Қ.Құсайынов. – Алматы: «ҚАЗАқпарат» баспа корпорациясы, 2014. – 544 б

ӘӨЖ 81'373.2

ТҮРКИЗМДЕР ХАЛЫҚТЫҚ ӨЛШЕМ АТАУЛАРЫ РЕТІНДЕ

Жүсіп Айдана Қазықанқызы

Dana_03_93@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті филология факультетінің
1-курс магистранты
Ғылыми жетекшісі – ф.ғ.д., Г.О.Сыздықова

Қазақ тілі – халықтық өлшем атауларына бай тіл. Бұл тіліміздегі халықтық метрологиялық лексиканың өзге ұлт тілдеріне сіңісіп, бүгінгі күні кірме сөз ретінде ажыратуға келмей қолданылып жүргендігімен де анықталады. Бұл қатарда орыс тілінде кездесетін түбі түркілік халықтық өлшем атауларының да өзіндік маңызы бар.

Солардың бірі – *аршын* сөзі. *Аршын* – орыс тілінде жиі пайдаланылатын өлшем атауы. *Аршын* – метрге тең өлшем. Түркі тілдерінің деректерінде, бұл атау (аршын) метрге тең емес және небары 0,711 метр немесе 71 сантиметрді құрайды. Бұл сөздің түп төркіні әртүрлі түркі тілдеріне қатысты қарастырылады. Соның бірі иран тілінде: *арш* – шынтақ. Ғалым В. Радловтың көрсетуінше, арш – шынтақ пен саусақ ұшына дейінгі аралық. «Арш» сөзі түркі тілдеріне ауысқаннан кейін *-ын* қосымшасын жалғап алған да, одан әрі орыс тіліне өткен [1].

Аршын сөзін «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде» «метрге жуық ұзындық өлшемі» деп келтіреді [2, 355]. Татар, башқұрт, өзбек, қарақалпақ, әзірбайжан, түрік тілдерінде *аршын* сөзі *аршин*, *аршын*, *аршан* түрінде орын алады. Жоғарыда *аршын* сөзінің этимологиясының иран тілінен бастау алатындығын негіздесек, зерттеуші Е.Аққошқаров: «Парсы тілінен енген бұл өлшемнің бастапқы дәл мағынасы – шынтақтан саусақтың ұшына дейінгі аралық» [3, 23] деп тұжырымдап, сөздің түп-төркінінің парсы тілінен шыққанын айғақтайды. Бұл – ұзындық өлшемін білдіретін «шынтақ» мағынасында славян тілдеріне енген деген пікірді зерттеуші-ғалымдардың көпшілігі құптайды.

Бұл атаудың шығу төркіні жөнінде зерттеу жүргізген ғалымдардың көпшілігі парсы тілінен түркі тілдеріне түбір формада «арш» болып еніп, *-ын*, *-ун* қосымшалары жалғанып, кішірейту-ұқсастыру мағынасын берген деп тұжырымдайды. Мысалы, этимолог-ғалым Ә.Нұрмағамбетов «Сөз сырына саяхат» еңбегінде парсы тіліндегі «арш» сөзі бізде шынтақ деген мағына береді, кейде шынтақ пен саусақ ұшына дейінгі аралықты да «арш» деп атайтынын тілге тиек етеді. Өз ойын ғалым былайша толықтырады: «Аршын – ұзындық өлшемі. Ол қазір қолданылып жүрген «метр» өлшеміне жуық. Бұл сөздің төркіні – парсы тілі. Олардағы «әрш» сөзі бізде шынтақ деген мағына береді. Кейде шынтақ пен саусақ ұшына дейінгі аралықты да «арш» деп атайды. Міне, осы түбірлердің біріне *-ын* жұрнағы қосылып, ұзындық өлшемін білдіретін «аршын» атауы пайда болған» [4, 62]. Кейбір әдебиеттерде *хан аршыны* деген атпен саусақтың ұшынан мұрынның ұшына дейінгі аралыққа тең өлшем де ұшырасады.

Тағы бір назар аударатын мәселе: *аршын* сөзінің өлшем мағынасынан бөлек басқа